

Көсембай негізгі мектебінің 2-сынып оқушыларымен 2022/2023 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысына талдау

2022-2023 оқу жылында 2-сыныпты 5 оқушы ақтап шықты. Осы уақытқа дейін оқыған Асқар Ұлықбек отбасы жағдайымен қала мектебіне ауысты. Оқу жылының қорытындысы бойынша сапалық көрсеткіш-80%

Кластың үздіктері -2, олар Рза Әділет және Мырзалы Мырзахмет. Екпінділер: Сағындыққызы Кәусар, Амантұрлы Оксана

Тәрбие жұмысы бойынша жылдық жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

Бытырғы тәрбие жұмысы 1 қыркүйек – Білім күні «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» атты шарадан басталды. Оқушыларға осы уақыт ішіндегі еліміздің қол жеткізген толағай табыстары туралы толық мәлімет берілді.

Ұлттық тәрбиені ұлықтау бағытында «Тіл – тірегім, соғып тұрған жүрегім», «Ұстаз – аты биік, әрі мәңгілік», «Қазақтың ұлттық ойындары», А. Байтұрсынның 150 жылдығы, «Наурыз – жыл басы» тақырыбында сынып сағаттары мен тәрбиелік шаралар өткізіліп, балалардың ұлттық құндылықтар туралы таным-түсінігі қалыптасты.

Жаңа Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу мақсатында «Мемлекеттік рәміздер-мактанышымыз», «Жақсылық адамгершілікке бастайды», «Тәуелсіздік-тұғырым» атты сынып сағаттарының оқушылар үшін мәні ерекше болды. Адамгершілікке тәрбиелеу бағытындағы «Татулық – достықтың киелі бесігі», «Е. Елубай-балалар жазушысы», Р. Бағланованың 100 жылдығы атты сынып сағаттарынан оқушылар белгілі тұлғалар, олардың өмір-тарихы туралы түсінік алды.

Ұлттық тәрбиені насихаттау мақсатында «М. Мәметованың 100 жылдығы», «Д. Қонаевтың 110 жылдығы», Қазыбек би, М. Әуезов туралы сынып сағаттары арқылы қазақ халқының мәдениетінің ұлықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді.

«Отбасы тәрбиесі» саласы бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, «Менің Отбасым», «Бақытты балалық шақ», «Әке-отбасының діңгегі» сынды тәрбие сағаттары арқылы балалар өз отбасы туралы, отбасындағы әр мүшенің атқаратын міндеттері туралы әңгімелеуді үйренді.

«Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» бағытында «Тазалық-денсаулық кепілі», «Спорт-сенің серігің»

«Денсаулық – зор байлық», «Денсаулықты сақтау-баршаның міндеті» атты тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушылар үшін маңызды болды деп есептеймін. Өйткені оқушылар денсаулықты күтудің қаншалықты маңызды екенін ұқты.



Быттырғы оқу жылында сынып оқушылары «Бала және театр», «Вокал» үйірмелеріне қатысты. Сол сияқты мектепте ұйымдастырылғын Б.Алтынсаринның 180 жылдығына арналған апталыққа, математика апталығына, Тәуелсіздік күніне орай өткен патриоттық әндер байқауына, Наурыз мерекесіне, мектепшілік апталықтарға, тәлімгердің өткізген іс шараларына қатысты

Қыркүйек айынан бастап ата-аналармен жұмыс жолға қойылып, жұмыс жоспары жасалынды. «Оқушылардың оқуға құштарлығын арттыру» тақырыбында сауалнама жүргізілді. «Отбасы- бақыт мекені», «Еңбек пен тәрбие егіз», «Бастауыш сынып оқушыларының даму ерекшеліктері» тақырыбында баяндама, дөңгелек үстелдер өткізілді.

Ата-аналармен жеке, әлеуметтік желі арқылы байланыс жүргізілді. Тоқсан сайын және ата-аналардың өтініші бойынша үнемі балалардың жетістіктері туралы ата-аналарға хабарланып тұрды. Сынып оқушыларының күнделіктері де байланыс ролін атқара білді. Оған сын-ескертпелер мен тапсырмалар уақытында жазылып тұрды.

Сынып жетекшісі:



Сұлтанғалиева Ж.Б.